

Түркістан қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2024 жылғы 18 наурыздағы № 15/67-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 19 наурызда № 6481-13 болып тіркелді. Күші жойылды Түркістан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы № 37/171-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 19.12.2025 № 37/171-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Түркістан қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Түркістан қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2% - ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат төрағасы

Г. Сарсенбаев